

ӘОЖ 372.8

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЛАУЫН ЖҮЙЕЛІК ТҮРҒЫДАН ДАМУЫ**

**Сүлеймен Іңкәр Болатқызы**

[ingkar.444@mail.ru](mailto:ingkar.444@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Механика-математика факультеті, Алгебра және геометрия  
кафедрасының 1-курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қожаева С.Қ.

Қазіргі заманда кез - келген мемлекеттің дамуы бірінші жолы табиғи ресурстарымен емес, ол сол елдің халқының интеллектуалдық және шығармашылық потенциалымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», - деген сөзін негізге ала отырып, білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементіне айналды. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы білім беру жүйесінің стратегиясының басты мақсаты – бәсекелестік қабілетке ие шығармашыл, интеллектуал тұлғаны дамыту. Бұл дегеніміз

қазіргі заманғы мектептерде болашақ мамандар тек қана белгілі бір білім, дағдыларды меңгеріп қана қоймай, алған білімдерін, меңгерген шаблон мен алгоритмдерін бүкіл өмір ағымында қолдана алатын толық қанды қалыптасқан мамандарды даярлау көзделеді.

Оқыту мен тәрбиелеу процесінде болашақ маманның креативтілігін дамыту қоғам қажеттілігінен туындап, өзгеріп отырады. Қоғам қашан да қабілетті адамдарға мұқтаж болып келген, бірақ қоғамның барған сайын күрделенуі түр сипаты мүлдем бөлек жаңа дәуірдің тууына алып келеді. Сол жаңа дәуірге сай өзгеше қабілетке, қасиетке ие жаңа тұлғалар қажет. Қазіргі кезде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшандықты, ерекше ойлау қабілеттілігін, мол шығармашылық мүмкіндікті қажет етеді және өзін қоршаған түрлі жағдайға тез үйреніп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігіне икемдейді. Осыған орай, ХХІ ғасыр мектебінде жаңа талап, жаңа заманға сай педагогтардың ғылыми – қоғамдық атқаратын жұмыстары болашақ мамандардың ғылым мен техникалық немесе өнердің бір саласын тереңдетіп оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуына зор ықпал етеді.

Психологиялық сөздікте шығармашылық – жаңа құндылықтарды, әсіресе материалды және рухани құндылықтарды құру процесі ретінде анықталынады және мәдени - тарихи құбылыс бола отырып, тұлғалық және процессуалды психологиялық аспектісіне де ие.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін - өзі тануға ұмтылуы, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Шығармашылық психологиялық тұрғыдан алғанда, интеллектуалдық ойлауды қалыптастыру – жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары формасы және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзіндік ерекшелігімен бағаланады.

Педагогикалық процесс кезінде танымдық ойлау дамиды. Ғалымдардың кең тараған пікіріне сәйкес бұл – түсініктермен, идеялармен және тұжырымдамалармен кодталған ақпараттарды ішкі өңдеу және оның мазмұнын қорытындылау [1]. Ойлаудың репродуктивті (тәуелді) және продуктивті (тәуелсіз), конвергентті (дәстүрлі) және дивергентті (шығармашылық) түрлері ажыратылады.

Танымдық ойлаудың репродуктивті және конвергентті түрлері танымдық қабілеттерге негізделген есте сақтаумен зейінді дамыта отырып, дайын білімнің жақсы игерілуіне кепілдік береді. Олардың өзіндік құндылықтары бар, бірақ олардың дамуы – білім беру процесінің бір ғана бөлігі. Ойлаудың конвергентті типі проблеманың немесе қойылған сұрақтың ең жақсы және де жалғыз шешімін табуға бағытталған.

Шетелдік мамандар шығармашылық сипаттағы танымдық ойлауды дивергентті ойлау түріне жатқызады. Алғаш рет дивергентті ойлау туралы Дж. Гилфорд интеллект құрылымы бойынша жұмыстың сөз қозғайды [2]. Ол оқушылардың интеллектуалды қабілеттерін дамытуға, яғни олардың шығармашылық белсенділігін анықтауға қажетті төрт түрлі қасиеттерді зерттеді:

- 1) еркін сөйлеу – үлкен идеяларды қалыптастыру қабілеті;
- 2) икемділік – әр түрлі бағыттағы идеяларды құрастыра алу қабілеті;
- 3) ерекшелік – әдеттен тыс, яғни стандартты емес идеяларды ұсына білу;
- 4) пысықтау - идеяларды егжей-тегжейлі дамытып, қорыта білу қабілеті;

РАҚ (Ресейлік авторлар қоғамы) академигі М.И. Махмутов [3] бұл тізімге тағы екі элементті қосты: басты нәрсені ажырату қасиеті (мәселенің ең басты мәнін көру) және шешім қабылдауда қалыптасқан стереотиптерге қарсы тұру қабілеті. Конвергентті және дивергентті ойлау шығармашылық деңгейімен ерекшеленетіні анық. Психологиялық сөздіктегі шығармашылық «ойлауда, сезімде, қарым-қатынаста, іс-әрекеттің жекелеген

түрлерінде өзін көрсете алатын қасиет ретінде анықталады, тұлғаны тұтастай сипаттайды және оның жеке аспектілерін, қызмет өнімдерін, оларды құру процесін баяндайды» [4].

Ал Э. Фроммның пікірінше [5], шығармашылық және интеллектуалды потенциал таңдану мен үйрену қабілетінде көрінеді. Ол – стандартты емес жағдайларда шешімдерді таба білуде, өз тәжірибесін терең түсіне алуға.

Жалпы педагогикалық процесте шығармашылық мәселесі маңызды орын алады. Озат ұстаз тұлғалардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашыл тұлға болып дамиды.

Бұл мәселе белгілі психологтар мен ғалымдар Л.С. Выготский, С.Л. Рубенштейн, А.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, Слостенин, А.В. Крутецкий, Ю.Л. Львова, республикамыздағы танымал ғалымдар М.М. Мұқанов, Н.Д. Хмель, С.В. Илларионов еңбектерінің өзегі болып табылады. Педагогикалық еңбекті шығармашылық процесс ретінде қарастырған В.И. Загвязинский, В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандаровтың зерттеулерінде ұстаз шығармашылығының психологиялық негіздері, мұғалімнің жеке шығармашылығын қалыптастыру жолдарына талдау жасалады. Тұлғаның шығармашылығы қоршаған әлемді өзгертіп, жаңа небір құндылықтарды құра алатын өзбетті, әрі белсенді тұлға формасы ретінде анықталады [6].

Интеллектуалдық ойлаудың жүйелік тұрғыдан дамытуының маңыздылығын түсіну үшін «жүйелік емес ойлаудың» бірнеше мысалын қарастырайық. Барлық негізгі ұйымдастырушылық қателіктер әдетте жүйесіз, тар, біржақты, себеп-салдарды ескермейтін көзқарастың нәтижесінен болады.

- Арал теңізінің катастрофалық тартылуы лезде болған жоқ, бұл судың қолайсыз мөлшері Сырдария мен Әмудариядан мақта алқаптарын суаруға алынып, табиғи булану үшін су шығындарының салдарынан болған. Ал ғалымдардың есептеулеріне ешкім мән бермей, айтқан ескертулеріне құлақ аспады. Бұл – біржақты шешімнің мысалы.

- Атом электр станцияларын салып, қалдықтарды шығару проблемасын ойластырмау – жүйесіз тәсілдің қатыгез мысалы. Табиғатты өзгертуге арналған кез – келген оқиға қоршаған ортаға экологиялық зардапсыз өте алмайды. Мысалы, өзен ағынын реттеу өзеннің және су қоймаларының биоценоздарында және құрлықта өзен бассейндерінде орналасқан биоорталарға (ормандарды су басу, жер асты сулары деңгейінің өзгеруі, әдеттегідей бұзылу уылдырық шашатын жерлер және тағы басқалар) сөзсіз әсер етеді.

- Ауқымды іс-шаралардың сәтсіздіктері: мелиорация, көтерілген батпақты құрғату, химияландыру, орманды кесу, жыртылған далалар. Осылардың бәрі жүйесіздің қателіктер болып табылады.

- Олар көлді құнды балықтармен қоныстандырды, бірақ көлден ағатын өзенде биік сарқырама бар екенін ойлаған жоқ, оны балықтар жеңе алмайды. Сондықтан да көлбеу құбыр салу керек болды. Болғаннан кейін ұрысу әрқашан оңай, бірақ егер де адамдар балалық шақта жүйелік ойлауды меңгерген болса, көптеген қателіктер болмас еді. Билік неғұрлым жоғары болса, шешімдер соғұрлым үлкен және олардың қателіктері де соғұрлым қымбат болады. Мысалы, президенттер мен заң шығарушылардың көпшілік алдында сайлануы кездейсоқ емес. Олар ерекше адамдар болуы керек, оларда қателікке жол жоқ.

Сонымен, жүйені бір-бірімен қандай да бір жолмен байланысқан, жалпы мақсатты орындау жолында ұйымдасқан кез-келген табиғаттың көптеген элементтері ретінде түсінуге болады. Жалпы айтқанда, кез-келген объект жүйе болып табылады, өйткені ол бөліктерден тұрады, ал бөліктер өзара әрекеттеседі. Біз не зерттейміз, біз не істейміз бәрі жүйеге жатады. Мысалы, қарындаш, кітап, қуыршақ, төсек ... – бұның бәрі жүйелер. Жүйелік талдау кез-келген табиғаттағы және қиындықтағы жүйелерді зерттейді.

«Жүйелік ойлау», «жүйелік талдау», «жүйелік тәсіл» терминдерін қарапайымдылық үшін кейбір әдістемені белгілейтін синонимдер деп санайық. Осылайша, жүйелік ойлау – жүйелі тәсілдің барлық ережелерін (кешенділік, ескеру, өзара байланыс, тұтастық, көп өлшемділік) ескеретін ойлау болып табылады.

Жүйелік ойлау диалектикалық ойлаудың ең пайдалы қасиеті деп саналады. ӨШТ (Өнертапқыштық шешім теориясы) жетілдіруді қажет ететін, жүйені тереңдетіп зерттеуге арналған тәсіл. Жүйені толыққанды білемей отырып, оны жетілдіру мүмкін емес. Жүйелі тәсіл тұрғысынан бұған кіретін объектілерді, өздігінен де, оған байланысты көптеген басқа заттармен құбылыстарды да қарастыру керек. Бірде-бір тірі зат, ұжым, не машина байланыстан тыс өмір сүре алмайды. Бірақ барлық байланыстарды сипаттау және ескеру мүмкін емес. Тек ең тұрақты байланыстарды бөліп көрсетсе жеткілікті. Дәл осы мақсатта жүйелік тәсіл тұжырымдамасы қолданады.

Оқушыларды интеллектуалдық ойлауларын дамыту үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады:

- Республикалық пәндік олимпиадалар;
- «XXI ғасыр көшбасшысы»;
- «Зерде» ғылыми жобалар сайысы;
- «Енші» зияткерлік сайысы;
- Гуманитарлық бағытта дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын Абай, Ілияс, Мұқағали оқулары;
- Н. Ә. Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатының аясында ұйымдастырылған «Полиглот» жарысы;
- Шахмат, менталды арифметика және логикалық дамыту үйірмелері;

Осылардың бәрі оқушылардың интеллектуалдық ойлауын жүйелік тұрғыдан дамуға зор ықпал етеді.

Қорытындылай келе, автордың айтқысы келгені болашақта қоғамда болып жатқан қандайда бір өзгерістерге тез бейімделетін маман, дүниетанымы кең тұлға қалыптасатыру үшін оқушылардың жас кезінен бастап тек пәндік біліміне көңіл бөлмей, интеллектуалдық және логикалық ойлауын арттыру жолдарын қарастыру керектігі сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Вьюгина С.В. Методологические основы развития интеллектуального потенциала студентов технологического вуза: монография /С.В. Вьюгина: М-во образ. и науки РФ, Казан. гос. технол. ун-т. – Казань: КГТУ, 2010. – 172 с.
2. Вьюгина С.В. Профессиональное и интеллектуальное развитие студентов в инновационной образовательной среде университетской комплекса (из опыта КГТУ). / С.В. Вьюгина. //Вестник Казан. технол. университета. – 2010–№1. - С.364-370.
3. Актуальные проблемы современного образования /Под ред. М.И. Махмутова. – Казань: Центр инновационных технологий, 2001.
4. Психологический словарь. – М.: АСТ Астрель. Транзиткнига, 2006.
5. Фром Э. Психоанализ и религия. /Сумерки богов /Сост. и общ. ред. А.А. Яковлева. – М., 1990. – 398 с.
6. Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей / Д.Б. Богоявленская. – М.: Просвещение, 2002. – 296 с.